БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

Ленин туы

П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚК(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

3 (8663) 1945 жылғы 14 октябрь жексенбі

Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20 тиын

Мемлекеттік еңбек резервтерінің училищелері мен мектептеріне қала мен ауыл-село жастарын шақыру--мемлекеттік маңызы ерекше зор іс. Училищелер мен мектептерге кезекті шақыру ісін үлгілі өткізу--партия совет, комсомол ұйымдары мен кәсіпшілер одақтары ұйымдарының ардақты міндеті.

Мемлекеттік ерекше маңызды іс

ізде мемлекеттік еңбек резервте құрылғанына жақын арада бес олып өтті. ССРО Жоғарғы Советі нумының «ССРОның мемлекеттік резервтері туралы» 1940 жылғы ібрьдегі Указында өнеркәсібіміздің ете беру міндетінің шахталарға, ге, транспортқа, фабрикалар мен арға жаңа жұмысшы күшінің үне ін түруын керек ететіндігі, жұмыс абының составын үздіксіз толықты тырмайынша, біздің өнеркәсібіміз йдағыдай өркендеуі мүмкін емес гі ерекше атап көрсетілген болатын. лекеттік еңбек резервтері өткен ы ішінде орасан көп күрделі жұ ір істеді. Неміс-фашист басқыншы қарсы совет халқының Ұлы Отан ы басталысымен социалистік өнер орындарының көптеген тәжрибелі, маман жұмысшылары Отанымызды у үшін қолдарына қару алып, май аттанды. Олардың орнына тәжрибе жас жұмысшылар келді. Дегенмен, ымызға тенген қатерлі хаүін кезеңі сын сағаттың өзінде фабрикалары бен заводтарымыз, шахталарымыз басқа алуан түрлі кәсіп орында ыз жұмысшы күші жөніндө ешбір ылық көрген жоқ.

Өйткені партия мен үкметіміздің, бү халқымыздың және көменгер көсемі Сталин жолдастың социалистік өнер ке әрдайым қамқорлық жасауы нә есінде өнеркәсібіміздің түрлі тараула ың бәрі қолөнер училищелері мен фа -завод мектептерін, темір жол учили қайда көп дайындауды талап етеді. Ең бек резервтерінің училищелері мен мек тептері—өз ісіне жетілген маман жұмысшылар дайындайтын негізгі орын болып табылады.

Одақтық Халық Комиссарлары Советінің қаулысына сәйкес, облысымызда быйылғы 15 сентябрьден 15 октябрьге дейін қала жастарын қолөнер, темір жол училищелері мен фабрик-завод мектептері не шақыру ісі басталды. Мұндай мектептер мен училищелерге ауыл-село жастарын шақыру ісі 15 октябрьден 15 ноябрьге дейін жүргізілгелі отыр. Сөйтіп, быйыл облысымызда бір мыңнан аса жас тар еңбек резервтерінің училищелері мен мектептеріне шақырылмақ.

Қазір облысымызда жастарды қолөнер, темір жол училищелері мен фабрик-завод мектептеріне шақыру ісі жүргізілін жатыр. Аса зор маңызы бар бұл жұмысты ойдағыдай өткізуге партия, совет ұйымдары нақтылы басшылық, көмек көрсетіп, комсомол және кәсіпшілер одақтарының ұйымдары белсене қатысуға тиіс.

Жастар арасында, олардың ата-аналары мен туған-туысқандары арасында көпшілік-түсіндік жұмыстарын кеңінен өрістету хажет. Оларға өнеркәсіп орындары үшін маман жұмысшылар дайындаудың саяси зор маңызы бар екендігін жете түсіндіру керек.

Жастарды еңбек резервтерінің училищелері мен мектептеріне шақырумен қатар, олардың ойдағыдай оқып, мамандық алуына хажетті жағдай жасау керек. Қолөнер, темір жол училищелері мен фабрик-завод мектептерінің басшылары мектептер мен

Астық тапсыру жөніндегі күнделік тапсырма мүлтіксіз орындалсын!

Астық бастыру жұмысы күндіз-түні бірдей жүргізіліп, дайындау орындарына астықтың үздіксіз жөнелтілуі қамтамасыз етілсін!

Облысымыздың егін даласында

ЕГІН ЖЫЙНАУ. Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша, 12 октябрьге дейін облыс колхоздарында 351807 гектар егін орылып, жоспар 93,2 процент орын далды. Егін ору жөніндегі соңғы бір күнгі өсім 2900 гектар болды. Бұл күні Приешім ауданының колхоздарында 28 гектар, Петропавл ауданының колхозда рында 46 гектар ғана егін орылды. Октябрь ауданының колхоздары егін ору жұмысын бәсеңдетіп алды. Бұл ауданда соңғы бір күнгі өсім небары 0,2 процент ғана болды.

Егін ору жұмысы Совет, Конюхов және Булаев аудандарының колхоздарында да мардымсыз болып отыр. Бұл аудандардың кейбір колхоздарында жүздеген гектар егін әлі күнге дейін орылмай тұр. Істің жайы Полудень ауданында да осындай. Бұл ауданның колхоздарында соңғы бір күнде 528 гектар ғана егін орылып, жалпы жоспардың орындалуы 92 процеттен аздап ғана асты.

Барлық орылған егіннің 160186 гектары комбайнмен жыйналды, 157734 гектар егін бастырылды. Комбайнмен жыйналғанын қоса есептегенде 216295 гектар егін бастырылды.

ЗЯБЬ ЖЫРТУ. Колхоздарда 42453 гектар зябь жыртылды. Бұл жоспардың 26,1 процентті. Зябь жырту жөніндегі соңғы бір күнгі өсім—479 гектар болды. Бұл күні Булаев, Мамлют және Преснов

ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Мемлекетке астық тапсыруда және егін жыйнауда үздік шыққан мына алдыңғы қатарлылар Дайындау Халық Комиссариаты облыстық өкілі мен облыстық жер бөлімінің ұсынуы бойынша облыстық **ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫНА** жазылады:

ПРИЕШІМ мал совхозы (директоры **Донченко** жолдас);

СТЕПНОЙ мал совхозы (директоры **Головин** жолдас);

Приешім ауданындағы **МОЛОТОВ** атындағы колхоз (председателі **Стукашов** жолдас). Бұл колхоз, совхоздар астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын 100 процент орындап, мемлекетке жоспардан тыс астық тапсыруда.

Преснов ауданындағы **БАЯН** МТС (директоры **Ковшов** жолдас). Бұл МТС 12 октябрьге дейін комбайнмен егін жыйнаудың жылдық жоспарын 111,9 процент орындады.

Приешім ауданындағы **ПРИЕШІМ** МТС (директоры **Сердюк** жолдас). МТСта 12 октябрьге дейін комбайнмен егін жыйнаудың жылдық жоспары 100,3 процент орындалды.

Полудень МТСның **ТРАКТОР БРИГАДАСЫ** (бригадирі **Мұхамедиева** жолдас). Бригада тракторлармен істелетін жұмыстардың жылдық жоспарын 126 процент орындады 15 аттың күші бар әрбір трактормен 532 гектар жер жұмысталды.

Вера МОРОЗОВА—Полудень МТСның трактористі, доңғалақты трактормен жұмсақ жерге айналдырғанда 245 гектар жер жұмыстап, 329 килограм жанармай үнемдеді.

Астық тапсыруды кешеуілдетіп отыр

Булаев ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық дайындау жоспарын аброй мен орындауға барлық күш-мүмкіншілігін жұмылдыруда. Осының нәтижесінде Карл Маркс атындағы және Чапаев атындағы колхоздар астық дайындау жоспарының бес күндік тапсырманың «Сулы шоқ» колхозында 6 процент, Буденный атындағы колхозда 13 процент және Сталин атындағы колхозда 20 процент ғана орындалғанын айтудың өзі-ақ жеткілікті.

«Сулы шоқ» колхозының председателі Нүрекенов жолдас астық дайындау жұмы

Еңбек дүрыс ұйымдастырылған жер

Одақтық Халық Комиссарлары С мен БК(б)П Орталық Комитетінің «жылғы егінді жыйнау және ауыл ш шылық өнімдерін дайындау туралы лысын талқылағанда Ленин ауданы «Еңбек» колхозының мүшелері егін ды 28 жұмыс күні ішінде аяқтап ас дайындау жұмысын ойдағыдай ұйы тыруға, сөйтіп жоспарды мерзімінен рын орындап шығуға міндеттенген тың.

Колхозшылар егін жыйнау және лекетке астық тапсыру жұмыстарына ріскен алғашқы күннен бастап-ақ а міндеттемені аброймен орындау ісіне пай жұмылды. Олар өздерінің ал міндеттенген екенсің—орында серт ген екенсің—сертінде тұр деген м қойды. Осының нәтижесінде олар гектар егінді деркезінде орып алды.

Колхозшылар егін ору жұмысында мәнінде стахановша жұмыс істеудің ша үлгісін көрсетті. Егін жыйнауға ріскен бұрын бір лобогрейкамен 40 тар егін оруға уәде берген Оқан Са жолдас 440 гектар егін орды. Осы ты лобогрейкашы Қожасов және касова жолдастар да лобогрейкамен оруда үздік табыстарға ие болды.

Колхоздың егін жыйнау жұмысын дағыдай жүргізуіне мектеп коллекти үлкен көмек көрсетті. Оқытушы Р баева жолдас басқарған 10 оқушы гектар егінді бір оқұн ішінде

Сонымен, мәдениетін [illegible] өнеркәсібіміздің жұмысшы күшімен үнемі қамтамасыз ету ісінде шешуші роль атқарады. Облысымыздың қоленер және темір жол училищелері мен фабрик-завод мектептері өткен бес жыл ішінде өнеркәсіп орындарына мыңдаған жас маман жұмысшылар дайындап берді. Олар қазіргі күнде облысымыздың кәсіп орындарында —фабрик-заводтарында, қоленер артельдерінде, темір жол транспортында, құрылыс орындарында және басқа кәсіп орындарында қажырлы қайратпен жұмыс істеп, еңбек ерлігінің нелер тамаша үлгісін көрсетіп жүр.

Қоленер, темір жол училищелері мен фабрик-завод мектептерінде оқып, тәрбиеленген кешегі оқушы жастар қазір өз ісінің шеберлері болып алды. Олардың көпшілігі қазіргі уақытта өнеркәсіп орындарының кіші және орта дәрежелі командирлері. Мәселен, Петропавл қаласындағы № 32 фабрик-завод мектебінің бұрынғы оқушысы Семенова жолдас қазір станция дежурныйы, ал Кочан жолдас диспетчер болып істейді. Сол сияқты, фабрик-завод мектебін бітіріп шыққан Айтбаев, Мальцев, Жузбаев, Кәдірбеков жолдастар қазір Н. заводында токарь, слесарь болып істейді. Олар күнделік жұмыс тапсырмасын үнемі 200-250 процент орындап жүр. Училищелер мен мектептерді бітіріп шыққан және қазір еңбек өнімділігінің таңқаларлық үлгілерін көрсетіп жүрген мұндай жас жұмысшылар облысымыздың өнеркәсіп орындарында көптеп саналады.

Ұлы Отан соғысы біздің толық жеңісі мізбен аяқталып, еліміз бейбіт шілікпен дамуға көшкен жағдайда, еліміздің халық шаруашылығын өркендетіп, ардақты Отанымыздың күш-қуатын бұрынғыдан да арттыра берудің Сталиндік бес жылдық жоспары жасалып жатқан кезеңде еңбек резервтерінің училищелері мен мектептеріне жастарды шақырудың мемлекеттік ерекше зор маңызы бар. Халық шаруашылығын қалпына келтіріп, өркендетудің бес жылдық жоспарында белгіленген күрделі жұмыстарды орындау ісі мамандығы жұмысшыларды бұрынғыдан әлдеқайда көптеп даярлауды талап етеді.

Облысымыздың кәсіпорындарына қажетті жұмысшы күшін дайындауда училищелер мен мектептердің алдында тұрған міндеттер өте зор.

МАЛ ҚЫСТАТУҒА ҮЛГІЛІ ӘЗІРЛЕНЕЙІК!

Қыс маусымына толық әзірленді

ақ ССР Халық Комиссарлары Совеі Қазақстан К(б)П Орталық Комите Қазақ ССР колхоздары мен совхоз а мал шаруашылығын еркендету 45 жылғы мемлекеттік жоспары қаулысын орындауда Преснов ндағы «Тауағаш» ауыл шаруашы өтелінің мал өсірушілері күрделі арға не болды. Колхоз председате мал шаруашылығы жөніндегі орын Шоқаев жолдас бұл қаулыны ұға колхоз мал өсірушілерін жап мылдыра білді. Ол мал өсірушілер да Қазақ ССРның 25 жылдығы ғы социалистік жарысты кеңінен ті.

олхоздағы бастауыш партия және ол ұйымдары мал өсірушілер ара үгіт-көпшілік жұмысын жолға Малшылар арасында үгіт жұмы ргізуге үгітші Сабитова жолдасты . Сабитова жолдас үнемі мал өсі арасында болып, оларға күнде ағалықтар мен үкметіміз бен пар ның қаулы-қарарларын жете түсін ндіреді.

өсірушілер арасында социалистік пен үгіт-көпшілік жұмысының і өрістеуі өзінің нәтижелі жемісін олхозда жоспар бойынша қазір ық орнына, 47 жылқы, 152 қара ына, 156 қара мал, 335 қой, еш на 452 қой, ешкі бар.

здың мал шаруашылығының өрі де колхоз председателінің мал лығы жөніндегі орынбасары жолдастың зор үлесі бар. Ол руашылығын басқаруға 1937 жы йындалды. Бұл жылы колхозда қы, 24 өгіз, 207 қой, ешкі бар ғсда сыйыр фермасы болмайтын. ұмыс өгіздерін қоспағанда кол на 122 қара мал, 19 жылқы, і және 20 сыйыр қосылды.

басқармасы болсын, аудандық болсын Шоқаев жолдастың бұл зор бағалауда. Мал шаруашылы ажырлы қайратпен жұмыс істеге ні үшін оған быйыл 4 қой, 1 торпақ және 1 центнер астық сыйлыққа берілді.

Колхозда бірнеше таңдаулы мал өсіру шілер бар. Олар қоғамдық малды өрісі кең, шөбі шүйгін және суы мол «Сарыкөл», «Қойшілік» деген жерлерге жайып бағады. Қарт жылқышы Ғаббас жылқыны бүкіл жыл бойына осы кең өрісте ұстайды. Оның алдынан бірде-бір жылқы шығын болып көрген емес. Ол быйыл құлын өсіру жоспарын артық орындағаны үшін еңбегіне қосымша ақыға 1 та және 1 центнер астық алып отыр.

Колхоз мүшелері Қазыбай Қазыбеков жолдасты зор мақтан етеді. Ол бірнеше жылдан бері колхоз сиырын бағып жүр. Осы жылдар ішінде оның колхоз басқармасынан сыйлық алмаған жылы болып көрген емес. Ал быйыл оның еңбегіне қосымша ақыға бір торпақ және 5 қой берілді.

Таңдаулы мал өсірушілердің бірі Уәзипа Сәрсенбина жолдас. Ол шын мәнінде таңдаулы қой өсірушілердің бірінен саналады. Қой өсіру жоспарын артық орындап шыққан Сәрсенбина жолдас соңғы жылдар ішінде еңбегіне қосымша ақыға 23 қой, 2 торпақ, 1 құлын және 2 центнер астық алды.

Жақында үгітші Сәбитова жолдас мал өсірушілерге облыстық газеттен республиканың колхоздары мен совхоздарында мал қыстатуға әзірліктің барысы туралы үкметіміз бен партиямыздың қаулысын және Кострома колхозшыларының үндеуін оқыды. Бұл қаулы мен үндеуді талқылау үстінде колхоз мал өсірушілері мал басын барған сайын өсіре беруге және мал қыстату маусымына үлгілі әзірленуге міндеттенді.

Алынған міндеттеме орындалуда. Қазір колхозда мал азығы жеткілікті мөлшерде дайындалды. Ескі мал қоралары толық жөнделіп жабдықталды, жаңадан бір сыйыр қорасы салынды. Міне, «Тауағаш» колхозының мал өсірушілері дәнді мерекеге осындай тартулар әзірлеуде.

А. ҚАЗИЕВ.

Мал қыстатуға әзірлікті кезекке қойып отыр

ұт ауданындағы «12 лет октя ыл шаруашылық артелінің мал ері Кострома колхозшыларының іспен жауап бере отырып, мал маусымына ойдағыдай әзірлену өз күштерімен жаңа қораларын пайдаланбай келеді.

Мал азығы жөнінде де осыны айту керек болады. Колхозда 1000 центнер мал азығы жетіспейді Бұл іс Әмлиханов жолдасты абыржытпайтын көрінеді. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен

РЕСПУБЛИКАМЫЗДА

СТАЛИНДІК ЖЕҢІС ҚОРЫНА

ҚАРАҒАНДЫ. Қарағанды облысының колхоздары астық тапсырудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын асыра орындап, Сталиндік жеңіс қорына жоспардан тыс 40 мың пұт астық тапсырды

* * *

КӨКШЕТАУ. Соңғы күндер ішінде облыстың колхоздарында мемлекетке жоспардан тыс астық тапсыру қарқыны едәуір күшейді. № 111 жылқы заводы облыста бірінші болып Сталиндік жеңіс қорына 20 мың пұт астық өткізді. Шығыс мал совхозы жоспардан тыс 2 мың пұттан және «Северный маяк» ауыл шаруашылық артелінің мүшелері 1000 пұттан астам астық берді.

* * *

ЖАМБЫЛ. Облыстың колхоздары республикамыздың 25 жылдық дәңгі мерекесінің хүрметіне жоспардан тыс 100 мың пұт астық өткізді.

Мерке, Шу, Қордай, Талас аудандарының колхоздары жеңіс қорына көптеген пұт астық берді.

ЖАҢА ҚҰРЫЛЫС

ГУРЬЕВ. Мұнайшылар одағының клубында мұнай айыру заводының коллективіне Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл Туын тапсыруға арналған салтанатты жиылыс өткізілді.

Завод бұл хүрметті наградты осымен алтыншы рет алып отыр. Қызыл Туды тапсырғанда Гурьев облыстық партия комитетінің секретарі Қамбаров жолдас завод құрылысшыларының зор табысты рын атап көрсетті. Олар соғыс кезінде екі жыл бойына жанқиярлықпен еңбек етіп, ең далада күрделі машина жабдықтары бар алып завод орнатты Қазіргі уақытта құрылысшылар жұмысты ойдағыдай аяқтап келеді. Олар жұмысшы қаласының барлық үйлерін 7 ноябрьге дейін салып болып пайдалануға тапсыруға уәде берді.

Салтанатты жиылысқа қатысушылар Борков және Оңдасынов жолдастарға құттықтау телеграммалар жіберді.

ҚЫЗЫЛОРДА СУ БӨГЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Сырдариядағы Қызылорда бөгетін өте қыйын жағдайда салуға тура келеді. Жер астының суы және есілмелі құм құрылысы жұмысына көп қыйындылық туғызады. Сондықтан бөгет құрылысының Бас қармасы еліміздің көп білімпаздарына хат жазып, бөгет құрылысының үлгілері туралы

Асқар ТОҚМАҒАМБЕТОВ.

ҚАЖЫМҰҚАН

(Қажымұқанның Алматыдағы Абай тойына келуіне арнап)

Қазақтың Қажымұқан балуаны,
Өнердің бар өзінде алуаны.
Қырық сегіз мемлекеттен медаль алған,
Қайтпаған, асып-тасқан аруағы.

* * *

Құдіретті, қара күштің қаһарманы,
Балуанның бәрін жыққан жаһандағы.
Тізесін белдескеннен бүккен емес,
Чемпион жер жүзіне аталғалы.

* * *

Қаһары қаһарланса тасқан селдей,
Жоталы жалпақ жоны асқар белдей,
Жетпістің бесеуіне жетседағы,
Серпіні теңіздегі сернкен секдей.

* * *

Білегі арыстанның білегіндей,
Жүрегі жолбарыстың жүрегіндей.
Шоң желке, кең жауырын, жазық маңдай
Түрпаты Түркстанның түбегіндей.

* * *

Сомдаған сом-сом еттер шойындай-ақ,
Тұлғасы тұтас пілдің мойнындай-ақ.
Саусағы тасты ұстаса талқан қылар,
Шынжырды жіптей есер ойындай-ақ.

* * *

Бұл алып, ғажап бір күш өмірдегі,
Бұғақты, кең сарайдай кеңірдегі,
Саусағы мұзбалақтың тұтымындай,
Қамырдай илей берген темірлерді.

* * *

Ыйығы жонның жота асуындай,
Маң басқан пілдің маңғаз басуындай.
Қайтпаған қарттайса да қайсар күші,
Ертістің қайнап аққан тасуындай.

* * *

Быт-шыт етер шынжырды байласаң да,
Он жігіт жаурынына жайласаң да,
Былқ етпей бәріз жалғыз көтереді,
Үстінен пятитонка айдасаң да,

* * *

Халықтың қайтпас қайсар айбаты бар,
Халық үшін қайнар бұлақ қайраты бар,
Алыптың алыптығын дәріптемей,
Ақынға тілі шебер жай жату-ар.

* * *

Ел үстін кеше тұман, зең басқанда,
Жау мен ел шайқасқанда жерде, аспанда
Жатпады қартайдым деп Қажымұқан,
Ұласты қатар құрбы жолдастарға:

* * *

—Жатыр ем жасым жетіп шөккен нардай,
Көрінді бұл жатуым намыс-ардай,
Жетпісті желкеме сап қайта шықтым,
Ысқырған ыза кернеп айдаһардай.

* * *

Отаным, өз елімді қорғау үшін,
Қайта орнап жыйырма беске қайтқан күшім,
Көмекке жауынгерге шығып тұрмын,
Қаққандай бізге ұмтылған жаудың тісін.

* * *

...Мен, жыйырма бестің шамасында,
Сан елдің басын қосқан арасында,
Немістің бір атақты балуанын,
Жығып ем сол Берлиннің қаласында

* * *

Сол күшті көрсеткен мен, ағаларың,
Қашаннан жыртылмаған жағаларың,
Онда біз ойнап жықсақ, енді шындап—
Салады, жауды астына балаларым.

* * *

Жауды анық көзім жетед жеңуіне,
Ұлғайып өрісімнің кеңуіне...
Деп елге, көмектесе өзі аттанған,
Жеңіспен ұлдарының келуіне.

* * *

Өнерін көрсетіп бар бойындағы
Ауырға жас басса да мойымады.
Жүз мың сом қаржы беріп қалтасынан,
Арманын орындады ойындағы.

* * *

Салсын деп жаудырып оқ, жауына ылақ
Жасатып жүз мың сомға аэроплан,
Ұшырды қаһармандық қайратпенең,
Қайтпастай басса да түн, қара тұман.

* * *

Дұшпанға аттандырып бір қыран құс,
Қайтпастай қанатында бар алып күш,
Қазақтың қаһарманы Қажекеңе,
Сталин арнап сонда айтқан алғыс.

* * *

Атағы алдында әлі бабындағы,
Бой ұрып, бір алып гүл ашылғалы,
Талпынып атасына серік болған,
Баласын соңына ертіп қасындағы.

* * *

Ашулы тікірейген басып түгін,
Сыпырып жауды жеңіп, ауыр жүгін.
Жүз жылдық ұлы Абайдың тойын той лап,
Ортаңа сол Қажекең келді бүгін.

ЕСІЛ АНА

Көбігің күміс, суың бал
Есіл өзен—өзгі ана,
Ұядан ұшқан түлектей
Жағаңда өскен мен бала.

* * *

Төрт жыл бойы шайқасып
Сұрапыл соғыс терінде,
Қас дұшпанды жайратып
Тиген елдің шебіне.

* * *

Сағынып келген ұлыңа
Қаздай жүзіп қалқыған
Шомылайын суыңа.

* * *

Мейрімді қарт ана
Қос емшегің емейін,
Серуендеп сенің жағаңда
Тағы да гүл терейін.

* * *

Одақтастардың Орта теңіздегі қарулы күштерінің жаңа қолбасшысын тағайындау

ЛОНДОН, 12 октябрь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, генерал лейтенант У. Д. Морган фельдмаршал Гарольд Александрдің орнына одақтастардың Орта теңіз соғыс майданындағы қарулы күштерінің бас қолбасшысы болып тағайындалған. Фельдмаршал Гарольд Александр Канадананың генерал-губернаторының қызметіне бедгіленбек. Өзінің жаңа қызметінен бұрын генерал Морган Англияның оңтүстік соғыс округі қолбасшысының міндетін атқарған.

Жапонияның армия бас штабын және теңіз бас штабын жою жөнінде

ТОКИО, 11 октябрь. (ТАСС). Токио радиосының хабары бойынша, 15 октябрьде жапондардың жаяу әскер бас штабы мен теңіз бас штабы таратылады. Армияның 1-және 2- бас штабтары бұдан былай қарай «Адамдарды армия қатарынан босату жөніндегі штаб »деп аталып, ол жаяу әскерлерді әскер қатарынан босату ісімен ғана шұғылданады. Кеше Жапонияның барлық теңіз күштерінің бас штабы және бірлескен флот штабы таратылды. Осыған байланысты жақын арада Жапонияның өз ішіндегі барлық теңіз штабтары таратылып болмақ. Жапонияның шет елдердегі теңіз штабтары теңіз күштерін әскер қатарынан босату ісін жүргізу үшін ғана сақталады.

Жапонияға бұйым тасып әкелуге тыйым салу

НЬЮ-ЙОРК, 12 октябрь. (ТАСС). Генерал Макартурдың Жапонияда шығарылмайтын аса хажетті бұйымдардан және халықтың тұрмыстық хажетін өтеу үшін керекті бұйымдардан басқа қандай да болсын бұйымдарды Жапонияға тасып әкелу ісіне тыйым салғандығын Юнайтед Пресс агенттігінің Токиодағы тілшісі хабар етті.

Жапонияның алтын, күміс және платина қорын конфискалау

ЛОНДОН, 9 октябрь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің Токиодан берген хабары бойынша, Жапонияның жалпы сомасы 250 миллион доллар алтын, күміс және платина қорын одақтастардың өкмет орындарының конфискалағандығын Макартур штабы хабар етті.

...сының қыс науқанына ... кіріседі. Осының нәтижесінде бұл колхоз ... да быйыл да мал өсірудің мемлекеттік жоспары түліктің барлық түрінен артығымен орындалды. Мал шаруашылығында аянбай еңбек істеген малшылардың еңбегіне қосымша ақыға 5 бұзау және бірсыпыра май, сүт, жүн, тері берілді.

Дегенмен, мал қыстатуға әзірліктің барысы барлық жерде бірдей емес. Мәселен, «Интернациональный труд» колхозы төрағасының мал шаруашылығы жөнінен орынбасары Әмлиханов жолдас көк...мде быйыл мал шаруашылығын құнарлық азық, жылы қорамен қамтамасыз ...етуге уәде берген болатын. Бірақ осы күнге дейін уәде сол күйінде қалып отыр. Орындалған іс жоқ.

Жаз өтіп, күз жетті. Ал, мал қорала...ын жөндеу жұмысы колхозда әлі күнге ...ейін қолға алынған жоқ. Сөйтіп, Әмлиханов жолдас мал өсірушілер бригадасын...ағы 36 адамды мал қыстатуға әзірлікке Әмлиханов жолдас, қазір сабан мен мекен жайнау жұмысын да ұйымдастырмай отыр.

Қоғамдық мал шаруашылығына жылы қора, мен құнарлы мал азығын дайындау ісінің барысы «Зерновая фабрика», Вильямс атындағы және басқа колхоздар да да ойдағыдай болмай келеді. Мал азығының жеткіліксіздігіне қарамастан, бұл колхоздарда пішен шабу жұмысы тоқтатылған, сабан мен мекенді жыйнап, мал азығына ұқсату ісі ұйымдастырылмаған.

Мамлют ауданында мал қыстатуға әзірлікті сылбыр ұйымдастырып отырған мұндай колхоздар бірнешеу. Не пайда, аудан басшылары осы колхоздардың мал қыстатуға ойдағыдай әзірленуін қамтамасыз етерліктей шаралар қолдануды ескермей жүр. Олар «мал қыстатуға әзірлікті егін жыйнаудан кейін қолға аламыз» деп, бұл жұмысты кезекке қойған көрінеді.

М. ХОЛИН.

ЖАС МАМАНДАР

АҚТӨБЕ. Өткен жылы Мағатжан совхозында мал фельдшерлерін даярлайтын облыс аралық мектеп ашылды. Жақын арада бұл мектепті 22 адам бітіріп шықты. Олардың ішінде 16 жас маман жақсы және өте жақсы деген бағамен бітірді.

Мектеп бітірген мал фельдшерлері Қазақстанның совхоздарына қызметке жіберіледі.

ЛЕКЦИЯ ОҚЫЛДЫ

ҚЫЗЫЛОРДА. Ленинның комсомолдың III-съезінде сөйлеген сөзінің 25 жылдығына байланысты, педагогика институтында, ауыл шаруашылық техникумында және темір жол торабында Владимир Ильич «Жастар Одағының міндеттері туралы» деген тақырыпта лекциялар өткізілді.

КСРО Халық Комиссарлары Советі жанындағы киноландыру істері жөніндегі Комитет Москвада кино актерлерінің театрын ашпақ. Воровский көшесінде театр үшін үй жабдықталды, бұл үй бұрын кино-театр болған. Театр коллективі совет экранының таңдаулы артистерімен толықтырылды. Коллективтің қатарында В. Чирков, Л. Орлова, Т. Макарова, З. Федорова, Н. Крючков, П. Олейников, Б. Андреев тағы басқалары бар.

Театр ақын М. Светловтың «Бранденбург қақпасы» пьесасын сахнаға қоюға әзірлеп жатыр. Театр осы пьесаны сахнаға қоюмен өзінің маусымын бастайды. Спектакльді сахнаға қоюшы Сталиндік Сыйлықтың Лауреаты М. Ромм, режиссер И. Судаков Островскийдің «Жасауы жоқ қалыңдық» пьесасын сахнаға қоюға әзірлеп жатыр. 1812 жылғы Отан соғысы жөнінде Игорь Савченко жазған пьесаны сахнаға қою авторға тапсырылды.

Жаңа театрдың репертуарында Шекспирдің «Махаббаттың жеміссіз күші» пьесасы Пушкиннің, Гогольдің тағы басқа орыс классиктерінің шығармалары бар. **(ТАСС).**

Қаратау аңғарларында

Ленинград суретшісі Михаил Георгиевич Платонов ССР Одағы Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті Вологдин жолдас бастаған кен зерттеу экспедициясымен бірге Қаратаудың шығыс жағында болып, жақын арада Алматыға қайтты. Ол Қаратаудың аңғарларында 500 километр жол жүрді. Тоқтаған жерлерде Қаратаудың көріністерін суретке түсірді. Платонов Қаратаудың ерекшеліктерін сипаттайтын 20 шамалы сурет әкелді. Оның көп еңбектерін Қазақстанның геология музейі алды.

түсуі

ЛОНДОН, 9 октябрь. (ТАСС). Ре... агенттігінің Афинадан берген хабары...йынша, мұнда адмирал Вулгарис үк...нің орнынан түскендігі ресми түрде ...рияланған.

Годзионың тұтқынға алы...

ТОКИО, 9 октябрь. (ТАСС). Р... агенттігінің Токиодағы тілшісінің ха...бойынша, өткен айда өзін-өзі өлтірм...болған Жапонияның бас министрі Т... Смори түрмесіне әкелінген.

Гэсс Франкфуртқа жөнелтілген

ЛОНДОН, 9 октябрь. (ТАСС). Р... агенттігінің хабары бойынша, 8 окт...де тәнертең Гэсс Англиядан самоле... Франкфуртқа әкелінген. Германи...атшылы соғыс қылмыскерлері ре... Гэсс сотқа тартылмақ.

Қала тарихынан

ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫ

«Бетінде бір елі қаймағың бар, суың сүт, топырағың құт өзен екенсің, жан торсығыма сыймайсың-ау, құйып әкетерем!»—деп Асанқайғы қыймай жылап айырылған арналы Есіл өзенінің «Қызыл жар» аталатын жағасына бұдан екі ғасыр бұрын біздің Қызылжар—Петропавл қаласы орнапты.

Көп жасап, көпті көрген қариялардың айтуы бойынша, Петропавл қаласының салыну тарихы жөнінде халық арасында мынадай аңыз бар: ерте бір заманда Петр және Павел деген ағайынды орыс жігіттері Абылай ханға келіп: Есілден балық аулайық деп едік, өзен жағасына қос тігу үшін бізге бір атан өгіздің терісіндей жер беріңіз деп тілек етіпті.

Көлемі бір өгіздің терісіндей жерден нем кетеді деген хан, оларға жер алуға рұқсат береді. Ертеңіне Петр мен Павел өгіздің терісінен тасма тіліп, Есіл өзенінің «Қызылжар» аталатын жағалауын орап алыпты. Жаңағы таспаны жазып жібергенде ханның ежелгі ата қоныстарының бірі де сол аймақтың ішінде кетіпті. Хан қапылыста алданғанына қынжылыпты. Бірақ «хан екі айтпайды» деген дей Абылай үәдесінде тұрыпты. Сонымен, 1753 жылы Есіл жағасындағы ой қаланы салу жұмысы басталыпты.

Абылай ханның рұқсатымен Ресей патшасы 1753 жылы Қызылжарға Петропавл атты қамал орнатып, сауда-саттық базарын ашады. Оның ондағы ойы—бағынбаған қазақ халқының бірте-бірте бойын үйретіп, алдаумен мойынына отар лау, нәлет қамытын кигізу еді. Патша үкметі ол мақсатына жетті. Сонымен, Петропавл қаласын патша үкметі тек қазақ даласын отарлау ғана емес, қала арқылы Орта Азияны отарлау үшін де пайдаланған.

Патша үкметі «қазақ хандығы жойылды, қазақ Ресейге бағынды» деген заң шығарғаннан кейін, 1822 жылы Петропавл қамалы қала атағын алады. Әуелде генерал-майор Киндерманның бұйрығы бойынша Петропавл қамалы 1755 жылы салынған болатын.

Ой қаланы тасқын суының басуы қала халқын басқа жерге қоныстану жөнінде катты ойландырады. Өйткені ол кезде Есіл қатты тасып, елдің мал-мүлкі апатқа көп ұшырайтын болған. Сонымен, 1858 жылға дейін қала Қызылжардың қабағына мекендеген. Сол жылы қала құрылысының жасалып, бекітілген алғашқы жоспары негізінде жардың бүйір жағасына да үйлер салуға рұқсат берілген. Ал, қала құрылысының екінші жоспарын Александр II-патшаның өзі 1862 жылғы 28 июньде бекіткен. Жоғарғы қаланың құрлысын жоспарлағанда қала халқын ұлт-ұлтқа бөліп қоныстандыру ісі көзделген. Сөйтіп ұлт араздығын қоздыру үшін жаңа қоныс ұлт-ұлтқа қарай бөлініпті.

Патша үкметі татарларды қаланың шығыс жағына қоныстандырыпты да, оны «татар слободкасы» деп, қамалға қызмет атқарып келген үйлі-баранды солдаттарды қаланың бір шет аймағына қуып, оны «солдат слободкасы» деп атапты. Ал, қаланың орталығына байлар мен саудагерлер қоныстаныпты.

Шаруашылық маңызы жағынан революцияға дейін Петропавл саудагерлер қаласы, сауда қаласы болып келді. 1896 жылы шыққан «Энциклопедия сөздігі» деген кітабында Брокгауз бен Эфрон былай деп жазады: «... Түркстан жеңілін алынағанға дейін Петропавл қаласы орыс саудагерлерінің Орта Азия бұйымдарын әкеліп сататын үлкен орны болды. Қазіргі уақытта, Орта Азияның Ресеймен карым-қатынас жасауы үшін Ташкент арқылы Орынборға төте жол салынып отырғанда, Петропавлдың Орта Азиямен сауда-саттық қатынасы едәуір құлдырап кетті. Алайда қазақтармен сауда-саттық жасауда ол әлі де болса маңызды орталық болып саналады».

Петропавлда жүргізілген сауданың жалпы обороты небары 7 миллион сом болған: 1895 жылы Петропавлдың меновой сарайынан басқа жерге 1 миллион лай елтірі, 800 мың тері, 100 мың пұт түрлі қыл-қыбыр жөнелтілген. Мұнда май мен тері саудасының обороты ақшаға шаққанда жарты миллион сом болыпты. Қазақ даласы мен Орта Азияға Петропавлдан жөнелтілген бұйымдардың жалпы сомасы—2 миллион сомға жуық, қала ішіндегі сауданың обороты 1 миллион сом болған.

XIX ғасырдың аяқ кезінде Петропавлда 548 сауда дукені болған, олардың иелері саудагерлер болған. Қаланың экономикалық күшінің барлығы бай-кулактардың, Ганшин Маслаков сияқты ірі саудагерлердің қолында болған. Бұлар еңбекші халықтың еңбегімен пайдаланып, оның қанын сүліктей сорған.

XIX ғасырда қаланың меновой сарайында адам сату саудасы қолданылған. Соғыс кезінде қолға түсірілген ойраттар, патша үкметіне қарсы көтеріліс жасап қолға түсірілген қазақтар, үйгырлар сатылуға осы базарға түскен. Сібірдегі тарихшы бір казак орыс: «күйзеушілікке ұшыраған қалмақтар мен қыргыздардың балаларын бір тілім нанға сатқаны болған. Орыс саудагерлері сатып алған балаларды Ірбіт жәрмеңкесіне сату үшін көптеп әкелетін еді» дейді.

Революциядан бұрын қалада ұсақ-түйек 142 завод болған, бірақ олардың ең үлкенінің жылдық обороты 169 мың сомға зорға жеткен, ал қалғандарының табысы 4 мың сомдай ғана болған. Ол кезде қаладағы барлық заводтарда небары 1375 ғана жұмысшы болған.

Қаланың бюджеті 1895 жылы кіріс жағынан 45933 сом, шығыс жағынан 45861 сом болды. Мұның ішінде 5 мың сомы ғана халық ағарту ісіне жұмсалды. 1915 жылы қалалық басқарма бюджеттің кіріс жағын 349143 сом 80 тыйынға, шығыс жағын 374143 сом 80 тыйынға жеткізіп есептеді. Бұл бюджеттен қаланы көркейту, мәдениеттендіруге жөнді қаржы жұмсалмаған.

Қаланың көшелері лас, белуардан саз, түнде қараңғы болған. Қалада көптен тұрушылар мынадай бір оқиғаны айтады: 1916 жылдың күзінде Вознесенский көшесінде (қазіргі Ленин көшесі) саудагер Маслаковтың үш аты сазға батып қалады. Жұмысшылар шығарып ала алмайды. Мұны көріп Маслаков салт атпен арбалы аттарды айдауға барғанда өзі де сазға батып қалады. Сазға батып малшынған Маслаков аты мен өзін қырға әрең алып шығады. Ол ашуға булығып, Нұркей деген жұмысшыны соққыға шығып, оның оң құлағын жұлып тастайды. Нұркей онымен төбелеседі. Маслаковқа жәрдемге полицейскийлер келіп, Нұркейді тұтқынға алады, оны екі айдан кейін соттап, оңтүстік-батыс майданына қара жұмысқа жібереді.

Нұркейдің соққыдан үзіліп түскен құлағын тауып алған қала басқармасының мүшесі Аркель «айғақты зат менің қолымда» деп, Маслаковтың жүрегін шайлықтырып, құлақты оған 1000 сомға сатады.

Революцияға дейін қалада өрт апатына қарсы ештеңе істелмеген. Басқа апаттарды былай қойғанның өзінде, еңбекшілер өрттен көп күйзеушілікке ұшыраған көрінеді. Архивте сақталған деректерге қарағанда 1838 жылы қалада 270 үй, 1849 жылы 450 үй өртенген. Осының салдарынан шығынның жалпы сомасы 300 мың сомға жеткен. «Пришім» газетінің 1914 жылғы 109-санында өртке қарсы шараның қандай халде екендігі жөнінде оқшау басылыпты. Онда—1914 жылы 19 май күні, күндіз Кузкин деген...ің үйінен өрт шыққандығы, өртті сөндіруге барайын десе бір атты өрт сөндіруші қоғамның бір қызметкерінің әйелі лото ойнау үшін бір жерге жегіп кеткендігі, екі атпен Ақшуриннің пішенін ш... жүргендігі, торы атты оның баласы, атты бір мырзаның сақырау құлақ үшін жегіп кеткендігі, ақыр соң «өрт сөндірушілердің» жауыр, ақсақ атпен ғана қалғандығы, ал екі-үш кеге Ақшуриннің капустасы түздалғы жазылған. Ақырында өрт сөндір...лер үйді апаттан құтқара алмаған, «өзінен-өзі» сөнген, үйдің сорайып жасы ғана қалған.

Петропавл ол кезде мәдениеттен м... артта қалған қала еді. Мұнда —100 малы ғана кітабы бар бір кітапхана клуб болған.

Революцияға дейін қалада халық ағ...ту жұмысы мүлде нашар болды. ... жылы қалада әйелдер оқыйтын 1 гі...зия, 1 реальное училище болды. Бұл 674 адам оқыды. Онымен бірге, адам оқыйтын жоғары дәрежелі 3 уч...ще, сауда қызметкерлерін даярлайты... училище, 20 бастауыш мектеп, 2 кл... 1 училище педагогикалық 1 кур... жылдық) ғана болды. Бұларда бар... 2059 бала оқыды. Революцияға дейі...лада қазақ мектебі атымен болмады.

Ол кезде қалада денсаулық сақта...мүлде мешеу қалған. 1916—1917 ...дары қалада көлемі кіші 3 ауру... болған. Бұларда небары 13 қызме... істеген. Балалар ауруханасы болм...

Қаланың революцияға дейінгі ке...міне осыдай еді.

(Жалғасы бар).

Жауапты редакт...
Ә. ОСПАНО

Редакцияның адресі: Қызыл Петровск қаласы, Петренев көшесі 88, Полиграфия және издательство басқармасының баспаханасы

УШ 023...